

## Жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Ақтау қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 09 маусымдағы № 523 қаулы. Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 шілдеде № 11-1-136 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы", 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы " Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері" Хаттыатты жолдауына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – уәкілетті орган) жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектері арасынан жұмысқа орналастыру үшін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерде жастар тәжірибесін ұйымдастырсын.

2. 2010 жылға арналған жастар тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Уәкілетті орган оқу орындарын бітірген жұмыссыз жастарды іріктеуді жүргізісін және іріктеу кезінде төмендегідей өлшемдер ескерілсін:

- 1) уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жастар;
- 2) 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар;
- 3) кәсіби білімінің болуы;
- 4) іріктеу кезінде оларға лайықты жұмыстың болмауы.

4. Жұмыс жағдайы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, жұмыс беруші мен жастар тәжірибесін өтіп жатқан жұмыссыздар арасында жасалған еңбек шартымен қарастырылады.

5. Жастар тәжірибесі алты ай мерзімге ұйымдастырылады және айлық еңбекақы мөлшері жиырма мың теңгені құрайды.

6. Жастар тәжірибесі республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Молдағұловқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Қазақбаев

## 2010 жылға арналған жастар тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі

№	Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер аты	Жолданытын жұмыссыздар саны (адам)	Жұмыс мерзімі	Жұмыс түрі, көлемі	Бір адамға төленетін еңбекақы мөлшері, теңге	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	"Маңғыстау электрторабын бөлу компаниясы" акционерлік қоғамы	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
2	"Қаражанбасмұнай" акционерлік қоғамы	5	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
3	"Бузачи Оперейтинг ЛТД" компаниясының филиалы	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
4	"АТФБанк" акционерлік қоғамының Ақтау қаласындағы филиалы	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
5	"Қазпошта" акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалы	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
6	"ҚарақұдықМұнай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
7	"ҚазАзот" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
8	"Ақтау әлеуметтік бой үйрету орталығы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
9	"Маңғыстау облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
10	"Маңғыстау облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
11	"КазТрансОйл" акционерлік қоғамының Батыс филиалы Маңғыстау мұнай тасымалдау басқармасы	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
12	"Қалалық күрделі құрылыс басқармасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
13	"Маңғыстау облысының әділет департаменті" мемлекеттік мекемесі	15	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
14	"Маңғыстау облысының статистика жөніндегі есептеу орталығы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны	3	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
15	"Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
16	"Маңғыстау облысының балалардың құқығын қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
	"Маңғыстау облысының ішкі істер департаменті"			келісімге		

17	мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	сай	20000	Республикалық бюджет
18	"Маңғыстау облысы бойынша салық департаменті" мемлекеттік мекемесі	15	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
1	2	3	4	5	6	7
19	"Маңғыстау облысының құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
20	"Ақтау Тұрғын Үй" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	4	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
21	"Маңғыстау облысының сәулет-құрылыс бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
22	"Маңғыстау облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
23	"Маңғыстау облыстық ішкі істер саясаты басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
24	"Ақтау қалалық соты" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
25	"Маңғыстау облысының табиғи ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
26	"Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
27	"Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
28	"Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың Маңғыстау облыстық филиалы" мемлекеттік мекемесі	3	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
29	"Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
30	"Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
31	"Ақтау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
32	"Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
33	"Ақтау қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі	3	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
34	"Ақтау қалалық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
35	"Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары" мемлекеттік мекемесі	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
36	"Ақтауградкадастр" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2	6 ай	келісімге сай	20000	Республикалық бюджет
	Барлығы	95				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК